

XFTAP 11.01.11

Ж.Е. Ералина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: Eralina_z@mail.ru)

**«Бір белдеу - бір жол» коммуникациялық ерекшелігі:
контент талдау**

Аңдатпа. Мақалада әлемнің бұқаралық ақпарат құралдарындағы Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» жобасы туралы жарияланған материалдарға шолу жасалады. Мәселен, Қытай, Америка, Еуропа, Азия елдерінің ең беделді ақпарат көздеріндегі аталмыш жоба жайлы контентті бір бірімен салыстыру арқылы, қоғамдағы көзқарастардың соншалық сан-алуандығына көз жеткізіледі. Мақалада келтірілген бұқаралық ақпарат құралдарындағы түрлі пікірлерге қарап жобаның қаншалықты қолдауға ие болғанын немесе сынға ұшырағанын бағамдау қиын емес. Біз әлемнің белді ақпарат құралдарындағы бірнеше мақаланың ішінен ең маңызды деген ой-пікірлерді беру арқылы, сол қоғамдағы аталмыш жобаға деген қалыптасқан қоғамдық көзқарасты оқырманға жеткізуді мақсат тұттық.

Түйін сөздер: «Бір белдеу - бір жол», Жаңа жібек жолы, бұқаралық ақпарат құралдары, басылым, газет, журнал, телеарна, интернет, экономика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-129-4-45-53>

Кіріспе. Қазіргідей технология қарыштап дамыған уақытта ақпаратқа деген көзқарасты да басқа қырынан саралап қарауға тура келеді. Себебі ақпараттың бүгінгідей қол жетімділігі мен оның таратылу жиілігі адам сенгісіз өзгеріске ұшырауда. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпарат беріп қана қоймай, қоғамды реттеп, тұрақтандырып отыруда, қоғамдық ой-сананың өсіп-жетіуінде барынша үлкен ықпалға ие. Жалпы кез келген оқиғаның оның үлкен, кішілігіне қарамай қоғамға жетіп, көпшілік тарапынан өз бағасын алуына ақпарат құралдарының әсері зор. Сондай елеулі оқиғалардың бірі осыдан 6 жыл бұрын қолға алынған Қытайдың батыс пен Африка елдеріне Азия арқылы өтетін құрлық және теңіз сауда жолын салу жоспары. Бұл жоба «Бір белдеу-бір жол» деп аталады. Аталмыш жоспардың әлемнің ақпарат құралдарында талқылану деңгейін қарап, оны қай елде қалай қабылдағанына анық көз жеткізе аламыз.

Мақсаты мен міндеттері. Әлемдік деңгейдегі саяси оқиғалардың шетелдік ақпарат құралдарында талқылану деңгейін саралау. Шетел бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси медиаконтенттің берілу, жеткізілу тәсілдерін анықтау. «Бір белдеу-бір жол» мегажобасының әлемдік ақпарат құралдарында берілген материалдардың контекстінде қалыптасқан қоғамдық пікірді анықтау.

Қытайдағы ең бір ықпалды басылымдардың бірі «Женмин Жибао» Қытай коммунистік партиясы орталық комитетінің ресми газеті мәліметтеріне сүйенсек 2014 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 27 ақпанына дейін газет бетінде 8 мың материал осы «Бір белдеу-бір жол» жобасына арналған. Басылымның ұйымдастыруымен жылда әлемнің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Бейжіңде бас қосып, аталмыш жобаның жүзеге асу үдерісін талқылайды. Мәселен 2018 жылы қазан айында өткен «Бір белдеу-бір жол» - бірлескен құрылыс, ортақ пайдалану, ынтымақтастық және өзара ұтыс» деген тақырыпта медиа-форумға әлемнің 60 елінің 150 журналисі қатысқан. Форум барысында сөз алған «Рейтер» ақпарат агенттігінің өкілі Джонасон Лефф Жаңа жібек жолын салу соңғы жылдардағы ең айтулы оқиға дей келіп, ойын былай түйіндеді: «XXI ғасырдың Жібек жолын салу алдағы жылдарда да еш маңызы жоғалмайтын, өміршең оқиға болмақ, бұл жоба мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты арттырады және экономикалық

трансұлттық және аймақаралық байланысты орнықтыратын айтулы фактор». Ал «Блумберг» ақпарат агенттігінің бас редакторы Давид Меррит аталмыш форумда, «...«Бір белдеу, бір жол» жобасын салу Батысқа да Шығысқа да сауда мен инвестиция салуда үлкен мүмкіндік әкеледі», - дей келіп, сөзін былай деп түйді. - «Қытай бүкіл әлем нарығы үшін өте маңызды ел. Блумберг те алдағы уақытта Қытаймен тәжірибе амасуда бар күшін салады» [1]. «Бір белдеу-бір жол» жобасының имиджін қалыптастыруда ауқымды бас қосуларды өткізудің маңыздылығы алдағы уақытта жобаның табысты іске асуына ықпал етпей қоймайды.

Қытайдағы тағы бір ірі басылым «Хуаньцю шибао» Жаңа жібек жолы жобасына қатысты материалдарды жариялау жағынан Қытайда көшбастап тұрған газеттердің қатарында. Басылым 2014-2015 жылдары бұл мегатранспорттық жобаны жүзеге асыруға арналған мақалаларды жиі беріп тұрды, ал 2015 жылы 12 желтоқсанда басылымның интернет сайтында жобаға арналып «Бір белдеу-бір жол» деген баған құрылып, жобаға қатысты тақырыптардың барлығы осы жерде тұрақты түрде шығып тұратын болды. Аталмыш баған «Нұсқалар, Халықаралық пікірлер», «БАҚ-қа шолу», «Қалалардағы өмір», «Еркін экономикалық аумақтағы қызметтер», «Индустрия», «Үлкен форумдар туралы ақпараттық есептер» сынды 9 айдардан тұрады. Аталмыш айдарларды жүргізетін журналистер өз материалдарында ішкі және сыртқы аудиторияның мүдделерін тегіс қамтуға тырысатынын байқауға болады. Мәселен, Қытай мен Ресейдің ынтықтастығы туралы жарық көрген материалда автор былай дейді: «Ресей мен Қытай - бір бірімен көрші екі алып ел, олар даму мен қауіпсіздік тұрғысынан бірін бірі толықтырады. Қытай халқында: «Алыстағы туыстан, қасындағы көршің артық» деген мақал бар» [2]. Қытай басылымдарындағы жобаға арналған материалдардың көбінде Қытай мен жақын және алыс шетелдер арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас, ортақ пайдаға кенелу, біртұтас экономикалық кеңістік құру мәселелері бейтарап немесе өте жағымды контексте сөз болады.

Соңғы жылдарда «Бір белдеу-бір жол» жобасы әлемдік ақпарат құралдарында ең көп қозғалатын мәселелердің біріне айналған. Әсіресе Қытай телеарналарының ішінде телеөнім тарату жағынан көш бастап тұрған CCTV-1 арнасының кешкі «Жаңалықтар» қызметі аталмыш жоба жайлы үздіксіз ақпарат беруден алда тұр. 2014 жылдың 30 қыркүйегінде CCTV арнасында стратегиялық жобаны одан әрі тарату мақсатында арнайы «Бір белдеу - бір жол»: уақыт пен кеңістіктің мыңжылдық тоғысуы» атты телебағдарласын шығарды. Сонымен қатар аталмыш телеарнада «Бір белдеу - бір жол» жобасына көзқарас» атты 7 сериядан тұратын хроникалық деректі фильм түсірілді, фильмде корреспондент Оян Сядань көрермендерге мегажобаның мазмұны мен оның мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Кейін бұл фильм ағылшын тіліне аударылып, CCTV-дан ағылшын тілінде көрсетілді. Деректі фильм арқылы қытай және шетел көрермендеріне «Бір белдеу-бір жол» жобасын жүзеге асырудағы Қытай үкіметінің көлік, жол, мәдениет, энергия, өндіріс, тарих және «Қытайда жасалған» деген брендті іске асырудағы жоспарымен таныстырды. Мәселен, фильмнің бірінші сериясында Қытайдың Қазақстанда салып жатқан халықаралық көлік дәлізі туралы жан-жақты түсіндіріп береді. Бұл дәліз Оңтүстік Қазақстаннан Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азияға жеміс-жидек, көкөніс және басқа да ауылшаруашылығы өнімдерін жеткізудің мерзімін қысқартып, басқа мемлекеттер арасындағы сауда бағасын төмендетеді деп болжанған. Сондай-ақ CCTV арнасы 2015 жылдың 28 ақпанынан бастап аталмыш жобаға арнап көп сериялы «Кеңдік пен ұзындық» атты деректі фильмді жарыққа шығарды. 2016 жылдың 30 қаңтарға дейін шыққан фильмнің 272 саны шықты. Бұл телеөнімдер халыққа «Бір белдеу-бір жол» бастамасын іске асыру аясында болып жатқан процестерді, әсіресе мұның қарапайым азаматтар үшін қандай мүмкіндіктері барын баса тоқталып айтып отырды.

2017 жылы әлемнің беделді бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан медиафорумда сөз алған ҚХР Баспасөз, радио, телевидение және кино істері жөніндегі мемлекеттік басқарманың директорының орныбасары болған Тун Ган былай деген болатын:

«Өткеннен бүгінге дейін жеткен бейбіт өмір мен ынтымақтастық, ашықтық, бірлесе білім алу, бірлесе пайдаға кенелу, міне бұлардың бәрі ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан құндылықтар. Жібек жолының негізгі мәні де осында жатыр. Ол адамзат өркениетіне прогресс әкелді әрі біз үшін ортақ тарихи және мәдени мұра болып қала бермек» [3].

2013 жылдың 18 желтоқсанында «Шыңжаң-ТВ» арнасы 16 күн бойы «Жаңалықтар» айдарынан ««Жібек жолы» белгісі» атты көпфункционалды жаңалықтар таратып тұрды. Бұл ақпараттардың берілу уақыты күн сайын 20 минуттан болды. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Пәкістан, Түркия, Ресей, Өзбекстан сияқты жібек жолының бойында орналасқан елдерден және Шыңжаң өлкесінің өзінен және басқа да жобаның құрылысы туралы хабарлар, сұхбаттар беріліп тұрды.

Ал Шэнси қаласының телеарнасынан 2014 жылы «Жібек жолымен саяхат» атты жаңа деректі фильм жарыққа шықты. 3 саны ғана жарық көрген фильмде Сианнан басталатын жібек жолы 8 елді бойлай өтіп, Римге барып тоқтайды. Аталмыш фильмнің ерекшелігі фильмге жұлдыздар да қатысады, бұл көрермен тартудың сәтті тәсіліне баланады.

Қытайдың бұл бастамасында территориясы жағынан жарты әлемді алып жатқан Ресей Федерациясының алатын орны ерекше екені белгілі. Бүкіл әлемнің назарын аударып отырған жоба туралы Ресей бұқаралық ақпарат құралдары да ақпарат таратуда айрықша маңызға ие. Мәселен, күн сайын шығатын «Коммерсант» қоғамдық-саяси газетінің 2018 жылдың 16 сәуіріне Қытай мен Ресейдің әлемдегі экономикалық микроклиматты оңтайландыруға ниетті көптеген тәуелсіз мемлекеттердің ғаламдық қауымдастығына бірігу мәселесін қалыптастыру төңірегінде геосаясатқа арналған материал шықты. Мақаланың авторы журналист Владимир Якунин: «Соңғы кездері аймақтар мен территориялардың экономикасын дамыту үшін күшті стимул беретін әлемде көліктік-логистикалық дәліздерде ұлттық транспорттық жүйелердің бірігуі орын алуда. Тиімді қимылдаудың мұндай жолы сервистік қызмет көрсетудің бағасын арзандатады, жұмысты жеделдетеді және трансұлттық жүк тасудағы қауіпсіздік мәселесін жақсартады. Қазірдің өзінде халықаралық көлік дәліздері салынып жатыр, тіпті салынып дайын болғандары да бар. Жаңа жібек жолы экономикалық белдеуінің тұжырымдамасының тиімді жұмыс істетуі үшін Қытайдан шығып Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа және Ресейге, әрі қарай Еуропаға кететін жолдың көліктік және логистикалық инфрақұрылымды дамыту керек, ол үшін Қытай 40\$млрд капиталы бар Жібек жолы қорын құрды» [4].

Ресейдегі мемлекеттік ақпараттық телеарна «Россия 24» арнасы «Бір белдеу-бір жол» жобасы туралы халыққа хабар таратуда ерекше еңбек етіп жатқан телеарналардың бірі. Арнаның тілшілері Қытайдың Үрімші қаласына жиі барып, сол жердегі жобаның жүзеге асу үдерісінен үнемі хабар береді. Өйткені Үрімші қаласының жобаны іске асырудағы маңызы ерекше. Мәселен тауар Қытайдың солтүстік-батысынан Үрімшіге жеткізіледі, Үрімшіден Бейжіңге, одан әрі Қазақстанға жөнелтіледі. Қазақстан арқылы Ресейге, Ресейден Еуропаға жол тартады. «Ресей-24» арнасының тілшілері жүк тасымалдау үдерісін көріп, сол жерден хабар тарату үшін Қазақстанға жиі барады. Бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген талдау барысында «Бір белдеу-бір жол» жобасы жайлы хабар тарату үлкен мәнге ие, өйткені бұл евразиялық ынтымақтастықты қолдайтын масштабты оқиға. Басылымдарда, телеарналарда, интрнетте жарияланған материалдарға талдау жасау барысында мынадай артықшылықтар байқалған: жоба Ресейдің ТОП-10-ға кіретін басты жаңалықтармен қоса айтылады. Бұл жобаның өте өзекті екенін көрсетеді. Көп жағдайда электронды БАҚ-та және интернетте Ресей ғылым академиясынан саясаттанушыларды шақырып пікірталастар ұйымдастырып жатады. Телеарналардағы аталмыш жобаға арналған сюжеттер мен баспасөздегі материалдардың хронологиясы өте жоғары. Алайда Ресей БАҚ-да Ресей мен Қытайдың арасында ортақ мүддені ғана қозғайтын жағымды жаңалықтар ғана емес, күмән тудыратын шиеленісті пікірлер де орын алып жататыны шындық [5].

АҚШ Қытай үшін аса ірі экономикалық серіктес, екі ел арасындағы тауар алмасу

да өте ауқымды түрде жүріп келеді. Сондықтан Қытайдың бастамасына Американың өз көзқарасы бар. Мәселен АҚШ-тағы ең беделді басылымдардың бірі «Бір белдеу-бір жол» тұжырымдамасы туралы Американың «The New York Times» газеті өзінің объективті түрде пікірін білдіріп отырады. Мәселен, аталмыш газетте шыққан бір мақалада жоба жайлы былай дейді: «Бір белдеу - бір жол» жобасы әсіресе аймақтардағы инфрақұрылымдарды дамыту үшін керек. Мәселен, ҚХР Азия даму банкімен бірлесіп инфрақұрылымға, кедейшілікпен және климаттық өзгерістермен күресуге 1,7 триллион доллар инвестиция салуды жоспарлап отыр». Сонымен қатар басылым «Қытайдың жоспарлаушылары мен жобалаушылары Қытай тауарларын Еуропаға кіргізу мақсатында тағы бір көлік артериясын, яғни Будапешттен Белградқа (Сербия) дейінгі теміржол бағытын картаға түсіруді жалғастырып жатыр» [6]. «The New York Times» бетіндегі тағы бір жарияланымда ҚХР президенті Си Цзиньпиннің 2017 жылы Швейцарияның Давос қаласында болған форумда сөйлеген сөзіне сілтеме бере отырып, былай деп түйіндейді: «Қытай қазіргі замандағы ғаламдық үдерісте ҚХР-ның рөлі ерекше және Қытай әлемдік экономикалық саясатты қалыптастыруда айрықша маңызға ие ел. Қытай үкіметі әлі де әлемдік экономикалық тәртіпке қолжетімді құралдармен ықпал еткісі келеді. Қытай мультиматериализмнің жаңа формасын, жаңа үлгісін орнатпақ және ойын ережесін өзі анықтамақ. Қытай экспортқа шығатын тауарларының көлемін ұлғайтқысы келеді. Еуропа, Азия, Африкамен сауда саттықты нығайту арқылы ғаламдық экономикалық тәптіште көшбасшылық маңызға ие болуды мақсат тұтады. Адам ресурстарын, дайын тауарлар мен шикізат тасымалдауда аса қолайлы көлік дәліздерін салу арқылы экономикалық жағдайда ұпай жинағысы келеді» [7].

Вашингтон қаласында шығатын «The Washington Post» Америкадағы ең ықпалды басылымдардың бірі. Басылым ұлттық саясатқа басымдық береді, сондықтан Қытайдың ғаламдық жобасы да басылым тілшілерінің назарынан тыс қалған емес. Басылымның беделді журналистерінің бірі Джонатан Хиллман (Jonathan Hillman) ғаламдық экономикалық аренадағы ҚХР-ның бұл позициясының артында отаршылық саясат жатқанын айтады [8]. The Nation журналында жарық көрген «Қытайдың Жаңа жібек жолы» деген мақалада Пепе Эскобар: «Бұл жол өте ұзын әрі өте тиімді жол болмақ. Жаңа ғасырдың бұл жобасы соңғы онжылдықтардағы әлемдегі ең алып сауда компаниясы болады. Бүгінгі таңда 90% контейнер саудасы әлі де мұхитта «саяхаттап» жүр, осы мәселені Қытай түбірімен өзгерткісі келеді». Сондай-ақ автор бұл жобаның әлемдегі құрлықтағы контейнерлік тауар тасымалдауда төңкеріс әскелетінін айтады [9]. Журналистиканың негізгі міндеттерінің бірі объективті көзқарас білдіру болса, Американдық электронды бұқаралық ақпарат құралдары барынша объективті көзқарас танытуға тырысады, алайда кейбір материалдарында біржақты пікірлерге жол беріліп жатады. Мәселен, «Bloomberg» сайтында жарияланған «China's New Silk Road Dream» деген мақалада «Бір белдеу - бір жол» жобасы Бейжіңнің экономикалық және стратегиялық мүдделерін әлемге бағыттау үшін жасалған. Бұл тұжырымдамадан батысқа ешқандай да пайда жоқ». Автордың ойынша бұл жоба тек Қытайдың өзі үшін ғана тиімді. Мақаланың соңында: «Америкадағы Derek Scissors кәсіпкерлер институтының ғалымы айтып кеткендей, Қытай бұл тұжырымдама сәтті болуы үшін кез келген сомадағы ақшаны шығындауға әзір. Менің ойымша бұл тек Қытай арманын жүзеге асыратын жоба» деп сөзін түйіндейді [10]. Америкалық ақпарат көздеріндегі аталмыш жобаға қатысты материалдардың басым бөлігінен сыни пікірлерде көп ұшырастыруға болады.

2013 жылы Қытай бастамасын жариялаған күннен бастап жобаны қолдап, қол қойған елдің бірі Пәкістан. Ұлттық қауіпсіздік және шетел істері жөніндегі премьер-министрдің кеңесшісі Сартай Әзиз Қытай бастамасы туралы: «Бір белдеу - бір жол» аймақтың гүлденіп, дамуында революциялық және тарихи қадам болды». [11]. Ал Пәкістанның бұрынғы премьер-министрі Шаукат Азиз: «Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізі «Бір белдеу-бір жол» бастамасындағы басты новаторлық жоба, бұл бастама Пәкістандағы кедейлік мәселесін шешуге бірден бір мүмкіндік» [12]. Пәкістан «Бір белдеу - бір жол» жобасын

елдегі экономикалық және басқа да көптеген проблемаларды шешуде таптырмас мүмкіндік ретінде қарап, бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі қолдау білдіріп, екі ел арасындағы тиімді қарым-қатынастың репутациясына сыза түсіріп алмауды ойлайды.

Қытай мен Орталық Азияның қазіргі қарым-қатынасы географиялық, саяси, экономикалық және қауіпсіздік факторларымен анықталады. Географиялық тұрғыдан қарасақ Қытай мен Орталық Азия бір біріне көрші. Орталық Азия Қытай арқылы теңізге шыға алады, ал Қытай Орталық Азия арқылы Еуропаға және Батыс Азияға шығады. Ал саяси тұрғыда Қытай мен Орталық Азияның байланысы ежелден келе жатыр. Бүгінгі таңда Қытай мен Орталық Азияның біршама ұлттық және халықаралық мәселелерде ортақ көзқарастарын байқауға болады, және бұл елдердің арасында тиімді саяси қатынас қалыптасты. Ал экономикалық тұрғыдан Қытай мен Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығын арттыруда түрлі басымдықтардың бары рас. Егер қауіпсіздің тұрғысынан қарайтын болсақ Қытай мен Орталық Азия орталық мүддеге ие. Этникалық-сепаратистік қозғалыстар, діни экстремистік және трансұлттық қылмыстардың қаупі, терроризм және аймақтық шиеленістер екі ел арасында ортақ мәселе болып табылады. Орталық Азия мен Қытайдың батыс аудандарындағы тұрақтылық екі жақ үшін аса маңызды. Алайда Қытай мен Орталық Азияның арасындағы мыңжылдықтар бойғы сауда мен мәдени байланысқа қарамастан екі ел арасындағы тең дәрежедегі және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас Орталық Азия елдерінің толық тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін басталды. Соңғы он жылда Қытай мен Орталық Азия елдерінде стратегиялық ынтымақтастықтың ХХІ ғасырдағы мықты негізі қалыптасты. Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы Қытай мен Орталық Азия елдерінің арасындағы байланысты нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер мен жайлы жағдай туғызды. «The Times of Central Asia-ның» жарияланымдарының бірінде: «Бір белдеу - бір жол» концепциясы - бұл Орталық Азияның экономикасын жаңа серпін әкелетін үлкен мүмкіндік. Бұл жоба Орталық Азия елдерін жаңа көп тарапты көлік жүйесімен біріктіреді, әрі Орталық Азияны алыс шетелдермен байланыстырады» [13].

Ал дәл осы «Бір белдеу - бір жол» тұжырымдамасын 2013 жылы Қытай көшбасшысы Си Цзиньпин Қазақстанға келген сапарында алғаш жариялаған болатын. Содан бері Қазақстан бұл жобаны қолдап, бүгінде Қытаймен әр түрлі салада ынтымақтастық қарым-қатынаста. Аталмыш жоба туралы Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі қозғалады. Мәселен, еліміздің белді газеті Егемен Қазақстан газетінде жарық көрген «Жібек жолы экономикалық белдеуі атты» материалдағы «Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» көліктік дәлізін құру туралы стратегиялық бастамасы қазақстандық өнімдер үшін әлемдік нарықтарға жол ашатын және экономикалық табыстар әкелетін нақтылы бағыт болып қалмақ. Біздің пайымымызда көлік дәліздерінің Орталық Азия өңірі арқылы өтетін кез келген нұсқасында Қазақстан транзиттік және логистикалық үдерістердің орталығы болып табылады. Осының өзі де болашақта зор экономикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретіні еш күмән тудырмайды» [14]. Қазақстан ақпарат құралдарындағы аталмыш жобаның іске асуына арналған материалдардың басым көпшілігі ақпарат беру сипатта. Алайда 2018 жылдан бастап шыға бастаған орыс тіліндегі «Шелковый путь - ревью» атты журнал ай сайын аталмыш жобаның жүзеге асырылуын жан-жақты талдап түрлі мақалалар беріп тұрады.

Ал Өзбекстан алғашқылардың бірі болып инфрақұрылымдық инвестицияларға арналған Азия инвестиция банкі құруда бастамашыл болды. Өзбекстанның бірінші премьер министрі Рустам Азимов: «Өзбекстанда қытай серіктестіктерімен бірлескен ондаған жоба жүзеге асырылды, олардың стратегиялық мәні бар және олар елдегі құрылымдық реформаға әсер етеді» - дейді. [15].

2013 жылы «Бір белдеу - бір жол» тұжырымдамасы жарияланғаннан кейін көптеген Еуропа елдері Қытаймен ынтысақтастық қарым-қатынас орната бастады. «Financial Times» басылымы Азиядағы аталмыш жоба аясында салынып жатқан инфрақұрылымдардан

фоторепортаждар беріп тұрады. Жалпы Еуропа елдерінің ішінде Жаңа жібек жолы келісіміне алғашқылардың бірі болып қол қойған ел - Венгрия. Венгрияның Сыртқы істер министрі Сийрто Петер «Қытай мен Орталық-Шығыс Еуропаның арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор, Венгрия бұл үрдістің бел ортасында болуға дайын» [16].

«День» украиналық басылымда жарыққа көрген материалда жоба туралы «Бір белдеу - бір жол» жобасының белгілі бір деңгейде табысты жүзеге асуы біріншіден, халықаралық қатынастардың бірыңғай және ұзақ мерзімді жүйені қалыптастырады, яғни Азия, Еуропа және мұхит арасында игіліккерлік және сауда жолы түзіледі», сондай-ақ автор: «Украина бұл үрдіске ену үшін барлық тиімді ресурстарды пайдалану керек» -дей келіп мақаланың соңында: «...Украинаның жаңа көлік-логистикалық жүйесіне енуі мемлекеттің экономикасының тұрақтануына және оның әлемде бәсекеге қабілетті бола түсуіне ықпал етері сөзсіз» -деп аяқтайды [17].

Қорытынды. ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Ежелгі Жібек жолын заманға сай қайта жаңғырту мақсатымен жаңа бастама бастап, оны 2013 жылы қыркүйек айында Қазақстанға келген сапарында мәлімдегені белгілі. Бұл «Жібек жолы экономикалық белдеуі» деп аталатын құрлық және «XXI ғасырдың теңіз жолы» деп аталатын су жолын біріктірген «Бір белдеу - бір жол» масштабты транспорттық жобасы. Жоба жарық көргеннен кейін Қытай үкіметінің алдында аталмыш жобаның мән-мазмұнымен қытай халқын және әлем елдерін таныстыру мәселесі тұрды. Яғни «Бір белдеу - бір жол» жобасын жүзеге асыру мәселесінен бұрын оның жарияланып, аталмыш жоба атауының брендке айналуы өте маңызды болды. Бұл орайда ең маңызды институт бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі аса зор еді. Әсіресе Қытайдағы және шетелдердегі ең танымал, ең беделді деген ақпарат көздерінің орны бөлек болатын, өйткені олар өз медиаконтентінің шынайылығы және маңыздылығы үшін аудитория алдында жауапкершілікті сезіне алатын ақпарат құралдары. Біз әлемнің ең беделді баспасөз, электронды және интернет БАҚ-дағы материалдарға талдау жасай отырып мынандай заңдылықтарға көз жеткіздік, олар: Қытай бастамасы ТОП-10 ең басты жаңалықтардың қатарында, бұл аталмыш жобаға деген қызығушылықтың жоғары екендігін аңғартады.

Әлемдік БАҚ-на шолу жасау барысында ақпарат құралдары ұлттық және үкіметтік мүдделерден бұрын қарапайым халыққа қызмет ету миссиясын ең алдыңғы орынға қоятынын байқау қиын емес, сондықтан «Бір белдеу – бір жол» жобасы жайлы әр бұқаралық ақпарат құралдарының контенті де сан-алуан. Жалпы Қытайдың ақпарат құралдары аталмыш тұжырымдама туралы ақпарат таратуда аса белсенд әрі позитивті. Ал Қытай бастамасына бейтарап көзқарас танытып, қоғамда күмәнді пікір қалыптастырып отырған елдер де жоқ емес. Мәселен Америка ақпарат көздерінде Қытай жобасы туралы материалдардың басым көбі сыни сипатта. Тек АҚШ ғана емес, Жапония мен Оңтүстік Корея елдерінің ақпарат көздері де жобаға деген күмәнді ойларын ашық білдіріп жүр.

«Бір белдеу - бір жол» тұжырымдамасы Азия елдерінде көптеген жобаларды іске асырды, бұл өз кезегінде жергілікті қоғамға оң ықпал етті. Және Азияның экономикасы мен геосаяси жағдайының жақсаруына аталмыш жобаның әсері болғандықтан да Азия елдерінің ақпарат көздеріндегі материалдардың мазмұны Қытай бастамасын қолдады. Мәселен, Пәкістан және басқа да Орталық Азия елдері Қытай бастамасын қолдап, оң көзқарас танытып келеді. Қытай мен Еуропа елдерінің ынтымақтастығы күн санап артуына орай Еуропа БАҚ-да Қытай жобасын қолдау материалдары өте көп.

Кез келген оқиғаның қоғамда өз бағасын алуына, оның тиімді немес зиянды тұстарын таразылауға бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметі орасан зор. Зерттеуде байқағанымыздай «Бір белдеу - бір жол» жобасы әлемдік БАҚ-да ең көп талқыланатын аса ауқымды әрі маңызды тақырыптың біріне айналған.

Әдебиеттер тізімі

1. Форум сотрудничества СМИ «Один пояс, один путь» // Женьминь жибао, 26 августа 2016 года [Электронный ресурс] - URL: <http://www.beltroadforum.com/> (дата обращения: 02.10.2017).
2. Россия и Китай, путь к сотрудничеству // Хуанью шибао. [Электронный ресурс] URL: <https://oversea.huanqiu.com/article/2017-09/11295943.html> (дата обращения: 02.10.2017).
3. Речь Туна Гана. // Женьминь жибао. [Электронный ресурс] - URL: <http://media.people.com.cn/n1/2017/1215/c40606-29709791.html> (дата обращения: 20.12.2017).
4. «Президент ОАО РЖД Владимир Якунин — о будущем глобальных транспортных коридоров и роли России в них». // Коммерсант. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.kommersant.ru/doc/2713881> (дата обращения: 16.04.2018).
5. Великая китайская мечта. Специальный репортаж Александры Суворовой. // Россия 24. [Электронный ресурс] - URL: https://www.youtube.com/watch?v=WOrw1u_U3NY (дата обращения: 16.04.2018).
6. Perlez Jane, & Yufan Huang. Behind China's \$1 Trillion Plan to Shake Up the Economic Order. // The New York Times. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.nytimes.com/2017/05/13/business/china-railway-one-belt-one-road-1-trillion-plan.html> (дата обращения: 16.04.2018).
7. Prasad Eswar. How China Aims to Limit the West's Global Influence. // The New York Times, [Электронный ресурс] - URL: <https://www.nytimes.com/2017/09/01/opinion/china-west-democracy.html> (дата обращения: 16.04.2018).
8. Hillman Jonathan. The Hazards of China's Global Ambitions. // The Washington Post. [Электронный ресурс] - URL: https://www.washingtonpost.com/news/worldpost/wp/2018/02/05/obor-china-asia/?utm_term=.f0109f867a82 (дата обращения: 17.04.2018).
9. Pepe Escobar. China's New Silk Road. // The Nation. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.thenation.com/article/chinas-new-silk-road/> (дата обращения: 18.04.2018).
10. Michael Schuman. China's New Silk Road Dream. // Bloomberg. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2015-11-25/china-s-new-silk-road-dream> (дата обращения: 19.04.2018).
11. IMADUDDIN 'One Belt, One Road' initiative a revolutionary step: Sartaj. // Business Recorder. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.brecorder.com/2015/04/28/240011/one-belt-one-road-initiative-a-revolutionary-step-sartaj/> (дата обращения: 07.05.2018).
12. FAWAD MAQSOOD. CPEC creates opportunities for eliminating poverty for local people: Shaukat Aziz. // Business Recorder. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.brecorder.com/2018/04/13/411693/cpec-creates-opportunities-for-eliminating-poverty-for-local-people-shaukat-aziz/> (дата обращения: 07.05.2018).
13. Avinoam Idan. China's Belt and Road Initiative: relieving landlocked Central Asia. // The Times of Central Asia. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.timesca.com/index.php/news/26-opinion-head/19716-china-s-belt-and-road-initiative-relieving-landlocked-central-asia> (дата обращения: 10.05.2018).
14. Жібек жолының экономикалық белдеуі // Егемен Қазақстан [Электронды ресурс] 2016 жыл, 17 қыркүйек - URL: <https://egemen.kz/article/105290-zhibek-dgolynynh-ekonomikalyq-beldeui> (дата обращения: 10.05.2018).
15. Uzbek DPM outlines priority directions of cooperation with China. // Uzbekistan Daily. [Электронный ресурс] - URL: <http://www.uzdaily.com/articles-id-32567.htm> (дата обращения: 10.05.2018).
16. Hungary - China cooperation at its best. // Government. [Электронный ресурс] - URL: <http://www.kormany.hu/en/ministry-of-foreign-affairs-and-trade/news/hungary-china-cooperation-at-its-best> (дата обращения: 10.05.2018).
17. Марзамов В. Один пояс — один путь. // День. [Электронный ресурс] - URL: <https://day.kyiv.ua/ru/article/mirovye-diskussii-odin-royas-odin-put> (дата обращения: 10.05.2018).

Ж.Е. Ералина

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Коммуникативные особенности проекта «Один пояс - один путь»: контент-анализ

Аңдатпа. В статье представлен обзор опубликованных в средствах массовой информации материалов по проекту Китая «Один пояс - один путь». К примеру, сравнивая информацию о данном проекте в наиболее влиятельных изданиях Китая, Европы и Азии, можно убедиться в том, что существует большое количество разнообразных точек зрения. Анализируя данные мнения, не трудно определить, в какой степени реализуется проект и что подвергается критике. Цель авторов статьи - донести до аудитории сложившееся общественное мнение о данном проекте, принимая во внимание наиболее важные мысли из ряда статей в мировых изданиях.

Түйін сөздер: «Один пояс - один путь», Новый шелковый путь, средства массовой информации, издательство, газета, журнал, телеканал, интернет, экономика.

Zh.E. Yeralina

L.N. Gumilov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Communicative features of the project “One belt - one way”: content analysis

Abstract. The article presents an overview of the published materials about the Chinese project «one belt-one road» in the media of the world. For example, in the most prestigious sources of information from China, America, Europe, Asia, comparing the content of this project with each other, convinced that society is quite diverse views. It is not difficult to assess how the project has received support or criticism in the media cited in the article. We aim to convey to the reader the prevailing public point of view to this project in society.

Keywords: one belt, one road, new silk road, media, press, magazine, television, Internet, economy, problem

References

1. Forum sotrudnichestva SMI «Odin pojaz, odin put'» [Media cooperation forum “One belt, one way”] Zhenmin ribao. 2016 - August, 26th [Electronic resource]. Available at: <http://www.beltroadforum.com/> (Accessed: 02.10.2017).
2. Rossiya i Kitaj, put' k sotrudnichestvu [Russia and China, the path to cooperation], Huanqiu Shibao [Electronic resource]. Available at: <https://oversea.huanqiu.com/article/2017-09/11295943.html> (Accessed: 02.10.2017).
3. Rech' Tuna Gana [Speech by Tuna Ghana], Zhen'min' zhibao [People's Daily] [Electronic resource]. Available at: <http://media.people.com.cn/n1/2017/1215/c40606-29709791.html> (Accessed: 20.12. 2017).
4. Prezident OAO RZhD Vladimir Jakunin — o budushhem global'nyh transportnyh koridorov i roli Rossii v nih [The President of Russian Railways, Vladimir Yakunin, on the future of global transport corridors and the role of Russia in them], Kommersant. [Electronic resource]. Available at: <https://www.kommersant.ru/doc/2713881>(Accessed: 16.04.2018).
5. Velikaja kitajskaja mechta. Special'nyj reportazh Aleksandry Suvorovoj [The great Chinese dream. Special report by Alexandra Suvorova], Russia 24. [Electronic resource]. Available at: https://www.youtube.com/watch?v=WOrwlu_U3NY (Accessed: 16. 04. 2018).
6. Perlez Jane, & Yufan Huang. Behind China's \$1 Trillion Plan to Shake Up the Economic Order, The New York Times. [Electronic resource]. Available at: <https://www.nytimes.com/2017/05/13/business/china-railway-one-belt-one-road-1-trillion-plan.html> (Accessed: 16. 04. 2018).
7. Prasad Eswar. How China Aims to Limit the West's Global Influence, The New York Times [Electronic resource]. Available at: <https://www.nytimes.com/2017/09/01/opinion/china-west-democracy.html> (Accessed: 16. 04. 2018).
8. Hillman Jonathan. The Hazards of China's Global Ambitions, The Washington Post.[Electronic resource]. Available at: https://www.washingtonpost.com/news/worldpost/wp/2018/02/05/obor-china-asia/?utm_term=.f0109f867a82

(Accessed:17.04.2018).

9. Pepe Escobar. China's New Silk Road. //The Nation. [Electronic resource]. Available at: <https://www.thenation.com/article/chinas-new-silk-road/> (Accessed:18.04.2018)
10. Michael Schuman.China sNew SilkRoadDream.//Bloomberg.[Electronic resource]. Available at:<https://www.bloomberg.com/news/articles/2015-11-25/china-s-new-silk-road-dream> (Accessed:19.04.2018)
11. Imaduddin «one belt, one road» initiative revolutionary step: Sartai. // Business Recorder. [Electronic resource]. Available at: <https://www.brecorder.com/2015/04/28/240011/one-belt-one-road-initiative-a-revolutionary-step-Sartaj/>(Accessed: 07.05.2018).
12. FAWAD MAQSOOD. CPEC creates poverty eradication opportunities for local people: Shaukat Aziz, Business Recorder. [Electronic resource]. Available at: Taya-for-local-people-Shaukat Aziz <https://www.brecorder.com/2018/04/13/411693/cpec-creates-opportunities-for-eliminating-pover/> (Accessed: 07.05.2018).
13. Avinoam Idan. China's belt and road initiative: liberating landlocked Central Asia, Central Asian Times. [Electronic resource]. Available at: <https://www.timesca.com/index.php/news/26-opinion-head/19716-china-s-belt-and-road-initiativ-e-relief-landlocked-Central-Asia> (Accessed:10.05.2018).
14. Zhibek zholyyn jekonomikalyk beldeui [Silk Road Economic Zone], Egemen Kazakhstan [elektronny resource] 2016 years, 17 erki <https://egemen.kz/article/105290-zhibek-dgolynynh-ekonomikalyq-beldeui>
15. The Uzbek PDM outlined priority areas of cooperation with China. // Uzbekistan Daily. [Electronic resource] Available at: <http://www.uzdaily.com/articles-id-32567.htm> (Accessed:10.05.2018).
16. Hungarian-Chinese cooperation at its best. //Government. [Electronic resource]. Available at: <http://www.kormany.hu/en/ministry-of-foreign-affairs-and-trade/news/hungary-china-cooperatio-n-at-its-best> (Accessed:10.05.2018).
- 17.Marmazov V. One belt,one road.// Day. [Electronic resource] Available at: <https://http://day.kyiv.ua/ru/article/mirovye-diskussii/odin-poyas-odin-put> (Accessed: 10.05.2018).

Автор туралы мәлімет:

Ералина Ж.Е. - саясаттану кафедрасының докторанты, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Yeralina Zh. - Doctoral Student, Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.